

КМҚК «Алматы көпсалалы колледжі»

Болатқызы Сымбат

1-курс студенті

0402000-Дизайн

**1-желтоқсан ҚР тұңғыш президент күні
Ұлт көшбасшысының егеменді мемлекеттің
қалыптасуы мен экономикалық дамуына қосқан
үлесі**

**Ғылыми жетекші: Казбекова Макпал Жаныбековна
өндірістік оқыту шебері**

Алматы 2019

Ұлттық валюта-нағыз экономикалық егемендік негізі

Н.Ә. Назарбаев 1991 жылғы желтоқсанның өзінде ақ Қазақстанның ұлттық валютасын енгізуге әзірлікті бастап, оны он екі жылдан соң табысты жүзеге асырды. 1993 жылдың қарашасында Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ телевизиясы арқылы жаңа валюта –тенгенің енгізілетіні туралы халыққа арнап сөз сөйлеп, теледидар эранынан банкноттардың үлгілерін көрсетті. Оларда қазақ тарихындағы ұлы тұлғалар- Әбу Насыр әл –Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов бейнеленген болатын. Тенге енгізілген күні -15 қараша Қазақстанның нақты қаржылық және экономикалық дербестігінің бастау алған күні болды. [1]



Ұлт көшбасшысының ел экономикасының дамуына қосқан үлесі



Қазақстан тәуелсіздігін алғалы, экономикасын дамыту жолында — нарықтық экономикасына өтті. Қазақстанда көп салалы экономика, оны нарық жолына салуға бағытталған қайта құру 1990 жылдардың басында басталды. Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді.



Бірінші кезең — 1991—1992 жылдар, екінші кезең — 1993—1995 жылдар аралығы болып, осы мерзімде жүргізілетін іс бағдарламасы Жоғарғы Кеңестің сессиясында мақұлданып, **Президенттің Жарлығымен** бекіді. Ал үшінші кезең — 1996—1998 жылдарды қамтуға тиіс болды.

**“Қазақстан -2030”бағдарламасын
жүзеге асыру барысында тәуелсіз еліміздің
басты табыстары мен жетістіктері-мемлекеттің
қауіпсіздігін нығайту және экономикалық өрлеу болды**

Н. Назарбаев

**ҚАЗАҚСТАН -
2030**



*Ел Президентінің
Қазақстан халқына
Жолдауы*

*Послание
Президента страны
народу Казахстана*

1997 жылдың қазан айында
Президент Н.Ә.Назарбаев
республика халқына

“Қазақстан — 2030” деген атпен
жолдау қабылдап, онда еліміздегі
дағдарыстан шығудың және жүріп
жатқан реформаларды аяқтаудың,
сондай-ақ алдыңғы қатарлы
мемлекеттердің қатарына
қосылудың, немесе “Қазақстан
барысын” қалыптастырудың жаңа
бағдарламасын ұсынды. [3]

**Бұл бағдарламалар ел
экономикасының дамуына әсер
етті.**



ҚАЗАХСТАН - 2030

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
Қазақстан халқына Жолдауы. 2007 жылғы 28 ақпан.**

ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

“ҚАЗАҚСТАН-2030”

**СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫ –
ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКА МЕН ӨЗ
МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ БЕРІК
ІРГЕТАСЫН ҚҰРА ОТЫРЫП,
ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ
СЕНІМДІ ҚАДАМ БАСУДА**



Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлт көшбасшысы болып қала береді. Ол – тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы, ел ішінде және әлем сахнасында беделі жоғары саясаткер. Кеңес Одағынан кейін қарқынды даму деңгейіндегі экономикасы бар тұрақты және әлеуметтік мемлекет құрған тұлға.



Қазақстанның Тұңғыш Президентінің жігері мен батыл шешімдер қабылдау қабілетінің арқасында еліміз тәуелсіз мемлекет болып қалыптасты. Халқымыз Елбасының басшылығымен 90-жылдардағы стагнация мен саяси коллапсты жеңді. Елбасының еңбекқорлығы мен батылдығы ең қиын сынақтардан, әлемдік саяси және қаржылық дағдарыстардан өтуге көмектесті.



Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мемлекет басшылары деңгейіндегі отырысында



Қазақстан, Ресей және Беларусь президенттерінің 2014 жылғы 29 мамырда Астанада Еуразиялық экономикалық одақ (ЕФЭО) құру туралы шартқа салтанатты түрде қол қоюы осы интеграциялық бірлестіктер дамуының заңды қортындысы болды.

Шарт 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Бұл одақтың дәуірлік миссиясы мен алысты көздеген мақсатын оның бастамшысы Н.Ә. Назарбаев былайшы белгілеп берді: “Бүгінде біздің бұдан былайғы іс-әрекетіміздің стратегиясын кем дегенде 15-20 жылға алдын ала айқындап, көкжиектің арғы жағына зер салу маңызды” біздің одағымыздың ХХІ ғасырдың алғашқы жартысындағы басты миссиясы екі маңызды аспектіде тұрғанын түсіну қажет”. [1]

Ел көшбасшысы – егемен Қазақстанның негізін қалаушы



Тәуелсіздік алған уақыттан бері Қазақстанның жетістіктері мен жеңістерінің көпшілігі Тұңғыш Президенттің атымен, оның Қазақстанды экономикалық қуатты, демократиялық мемлекетті жасау мақсатындағы саяси қайраттылығы, көргіштік даналығына байланыста болуы ешкімге де құпия емес.

Егемен Қазақстан ретінде 20 жылдан астам уақыт бойы бүкіл әлемге экономиканың тұрақты өсудің, қоғамдық келісімнің және саяси тұрақтылықтың мысалын көрсетуде. [4]

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін Астана қаласында өткізуі ел экономикасының өсуіне зор үлес қосты.



Бұл көрме «Болашақ қуаты» энергиясының арқасында Еліміздің Дамыған елдер аренасында Қазақстанның атын жаңа бір қырынан паш етті. Халықаралық көрме ТМД елдерінің ішінде тұңғыш рет біздің республикамызда өтті. Көрмені өткізу жұмыстарына отандық компаниялар жұмылдырылып, мыңдаған адамдар жұмысқа тартылды. Құрылысқа отандық шикізат өнімдері қолданылды. Қазақ жері табиғи қазба-байлықтарға толы. Экспо-2017 көрмесі арқылы желден қуат алатын энергетикалық кешендер, күн батареялар өндіретін зауыттар ашылды. Бұл елдегі табиғи ресурстарды үнемдеуге жол ашады. Қазақстан мемлекетінің экономикасымен қатар, туризм, мәдениет саласының да дамуына ат салысты [2]

Әдебиеттер тізімі:

- 1.М.Б. Қасымбеков., Молдағаринов А.М., Хасенов Е.Ә. - Біздің Президент Деректі повесть Алматы кітап баспасы 2015ж-204бет
2. <http://www.akorda.kz/>
3. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы Алматы “Білім”1998
- 4.Нұрсұлтан Назарбаев ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДА Алматы “өнер” 1996ж
Қосымша әдебиеттер:
 1. ХХІ ғасыр: Әлем саясаткерлері Н.Ә. Назарбаев туралы Астана 2005ж